

Өндірістік жиналыс  
Хаттамасы

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж

Бекітемін:

№61 «Шолпан» балабақшасының  
меңгерушісінің м.я Ә.С. Ахмет

« 12 » \_\_\_\_\_ 20 26 ж

Бракераж комиссиясының тамақтану сапасын мерзімдік бағалуды жүргізу

## ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер

1.1. Бракераж комиссиясы (ары қарай Комиссия) мектепке дейінгі мекемеде балаларды сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру мен жүзеге асыруды әкімшілік қоғамдық бақылау мақсатында құрылған қоғамдық ұйым болып табылады

1.2. Комиссия өз қызметінде мектепке дейінгі ұйымның заңнамалық нормативтік құқықтық актілерін негізгі алады:

а) Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. 2-тарау 13 пункті 5, ) б), 7) тармақшалары

ә) «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығы. 7 тарау 116 пункті

### II. Комиссияны құру тәртібі және оның құрамы

2.1. Тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды бракераж комиссиясы жүргізеді;

2.2. Комиссия мүшелері құрамына:

- Медбике;
- Әдіскер (әкімшілік);
- Топ ата-аналарының өкілдері енгізіледі

2.3. Комиссия құрамы балабақша меңгерушісінің бұйрығымен бекітіледі.

### III. Комиссия қызметі

3.1. Балабақшадағы тамақтану сапасын мерзімдік бағалаудың жүргізілуін ұйымдастыруға және оған бағалау жұмыстарын жүзеге асыруға;

3.2. Тамақтанудың іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективтік ас мәзіріне сәйкес келуін бақылауға;

3.3. Тез бұзылатын тамақ өнімдерінің тоңазытқыш камералары мен тоңазытқыштарда сақтау температурасының сақталуын ескере отырып, жүзеге асырылуына, сынабы жоқ термометрлердің қолданылуына бақылау жасауға;

3.4. Тамақтанудың ұйымдастырылуына, тамақтану режимінің сақталуына, тамақтың рәсімделуіне, ыдыстардың таңбалануына; тарату нормаларының сақталуына, тарату-ас мәзірі парағының топтарда ілінуіне;

3.5. Тамақтандыру арасындағы интервалдың сақталуына;

3.6. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдауды, тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының бракераж журналына деректердің уақытылы енгізілуін, өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарының болуының жүзеге асырылуына ;

3.7. Жасанды "С" витаминімен витаминдеудің жүргізілуіне;

3.8. Объектілердің ас блогында органолептикалық бағалау журналының жүргізілуіне;